

7-апта

№ 13-14 Дәріс тақырыбы Грамматикалық категория туралы

1. Грамматикалық категория туралы түсінік
2. Есімдердің грамматикалық категориялары

1. Категория терминінде бірізділік жоқ. қараңыз грамматикалық зерттеулерді. «Мәселен, етістік категориясын замандарды қуалай зерттеуге болады»; Грамматика категориясының тіл дамуы тарихында қалай пайда болғанын ашқан – Н. Я. Марр. Оның айтуынша, грамматика категориясының әр тарамы әр заманда қалыптасқан; Коллектив (ұжым) меншігінен соң есім категориясында жіктеу пайда болған, етістіктің жіктелетіндігі де соған байланысты; Сондықтан, **үстеу** категориясынан бұлар да шығып қалды.; Сөйтіп, А. Байтұрсыновтың **үстеу** деп атаған категориясында қалып қойған сөздер «мана», «әлгі», «енді», «кешкі» сияқтылар ғана болды. (Қ.Жұбанов. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөніндегі лекциялар 1933).

Сөз табы деген категория – морфологияның өзекті проблемасы. (А.Қалыбаева, Н.Оралбаева. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. 1986). осы кітапта Н.Баскаковтың «Есімдер белгілі лексикалық категория бола тұррып, белгілі грамматикалық, функциональдық та категорияға сай келеді» (Н.А.Баскаков Каракалпакский язык. М., 1952)

Грамматикалық категориялар туралы К Ахановта 5-тарауда толық айтылады. Бір тарауын арнаған.

Грамматикалық категория ұғымы грамматикалық мағына мен грамматикалық формамен тығыз байланысты. Және олардан күрделірек болып келеді. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форма болмаған жерде грамматикалық категория болмайды.

«Грамматикалық категория ретінде қаралатын я танылатын грамматикалық құбылыстың өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасы және ол мағынаны білдіретін дербес грамматикалық формасы болуға тиіс. Мысалы, тәуелдеу категориясының қазақ тілінде және басқа түрік тілдерінде өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасы және сол мағынаны білдіретін өзіне лайық грамматикалық формасы бар». (А Ысқақов)

Кез келген грамматикалық мағына мен грамматикалық форма грамматикалық категория құрай ма? **слайдта**

Бірақ кез келген гр мағына мен гр форма гр категория құрай бермейді. Гр категория сипатына жету үшін гр мағыналар жиынтығы бір жағынан өзара тектес (әр тектес – К Ахановта), бірыңғай (әр ыңғай – К Ахановта), екінші жағынан, өзара қайшы мәндегі мағыналар болу керек. Кемінде екі түрлі гр мағына болу керек. Бір ғана гр мағына мен оның гр формасы гр категория жасай алмайды. Мысалы, септік категориясы бар да, барыс не шығыс септік категориясы жоқ. К.Аханов: «Қандай да бір гр категория болмасын, ол біртектес гр мағыналарды білдіріп, кемінде екі түрлі формада көрінуі шарт. Мысалы, бір ғана салыстырмалы шырай өздігінен шырай категориясын құрай алмаған болар еді. Сын есімнің шырайы гр категория ретінде танылуы үшін салыстырмалы шырайдан басқа жай шырай, күшейтпелі шырайлардың болуы және шырайлардың бұл түрлерінің әр түрлі формалармен берілуі шарт. Сонда ғана сын есімнің шырайлары гр категория ретінде таныла алады» (18-б. 2010). Ә.Хасенов: «Белгілі бір тілдік құбылысты дербес грамматикалық категория деп тану үшін ондай категория кем дегенде екі немесе одан да көп біркелкі формалардың жиынтығы бола алуы керек», - дей келе мысалы, «бір тілдегі септік категориясын дербес категория деп атау үшін ол тілде кем дегенде екі септік жалғауы болуы» керектігін ескертеді (1996, 268б).

Грамматикалық категория біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады. Біртектес гр мағыналар дегеніміз не? «Әр басқа емес өзара шарттас, ыңғайлас, бір сипаттағы грамматикалық мағыналарды» (К Аханов) біртектес гр мағыналар деп түсінеміз. Мысалы, грамматикалық жақ категориясы 1 жақ, 2 жақ, 3 жақ түрінде көрінгенімен, жақтың аталған түрлерінің мағынасы әртектес, әр сипаттағы мағыналар емес, біртектес мағыналар, жақтық мағыналар. Біртектес бір

сипаттағы жақтық мағыналар әртүрлі грамматикалық формалармен беріліп, жалпы грамматикалық жақ категориясы ретінде түсініледі. Демек, «біртектес, өзара ыңғайлас грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығы грамматикалық категория деп аталады» (К Аханов). слайд

Бір гр категорияға енетін біртектес, бір сипаттағы гр мағыналар өзара шарттас, бір бірімен байланысты болады. Белгілі бір гр категорияға енетін өзара шарттас, ыңғайлас, біртектес гр мағыналардың ұқсас, ортақ жақтарымен қатар, бір-бірінен айырмашылықтары да болады. Мысалы, грамматикалық жақ категориясына кіретін 1 жақ, 2 жақ, 3 жақты бір-бірімен байланыстыратын, олардың басын қосатын жалпы ортақ мағына – жақтық мағына. Бұлай болмағанда олар бір ғана атаумен – жақ деген атаумен – аталмаған болар еді, жалпы жақ категориясы болмас еді. Сол сияқты шақ категориясы да: өткен шақ, осы шақ, келер шақты ортақтастыратын мағына – шақтық мағына. Олардың осы ұқсастығымен бірге айырмасы да бар: шақтық мағына әртүрлі. Сол шақтық мағына оларды үш түрлі формамен берілсе де, бір гр категорияға біріктіріп, грамматикалық шақ категориясы деп аталады.

С.Исаев гр категория болу үшін мынадай шарттарға жауап беруі керек дейді: 1) бірнеше, кемінде екі гр мағына болу керек. 2) ол мағыналар бір-бірімен тектес, мәндес болуы керек, әр тектес мағыналар гр мағыналар құрай алмайды, 3) ол гр мағыналар қаншама тектес, ыңғайлас болса да, бір-біріне қарама-қайшы болуы керек, 4) сөйтіп барып тектес, ыңғайлас әрі бір-біріне қарама-қайшы мағыналардың бірлігі болуы, 5) сол тектес мағына да, қайшы мағына да бөлек-бөлек белгілі бір гр формалар арқылы берілуі және 6) олар белгілі бір парадигмалық жүйе құрауы керек. Мысалы, жақ категориясы. Жақ категориясының гр мағынасы - жіктеліп, субъектінің кім, не екенін білдіру және жақ мәні. Барлық 3 жаққа да ортақ мағына осы. Солай бола тұрса да жақтық мағыналары бір-біріне қарама-қайшы. 1-жақ 2-жаққа, 2-жақ 3-жаққа т.б. Әрбір осы тектес әрі қайшы мағыналар әр түрлі гр формалар арқылы беріледі. 1-жақ -мын, -мін, 2-жақ -сың, -сің т.т. Және бұл тұлғалар парадигмалық түрлену жүйесі болып табылады.

А.Қалыбаева, Н.Оралбаева: ойна сөзін сен ойна болып а) 2-жақ, б) жекеше в) аанйы түрде г) бұйырыла д) келер шақта е) болымды яғни іс жүзінде асырылуыға тиіс – міне осы сияқты 6 түрлі категориялық мән-мағынаға ие болады (88).

Демек, гр категория - өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы қасиетте бола алатын бірнеше (кем дегенде екі түрлі) тектес, мәндес гр мағынаның жиынтығы, бірлігі. Ол гр мағына белгілі парадигмалық тұлғалар жүйесі арқылы беріледі. Сол арқылы гр категория белгілі гр топтағы сөздердің (сөз таптарының) түрлену жүйесі болып, сол сөз табының гр белгісі болып табылады (С Исаев).

Кейбір түрлер гр категорияға жатпайды. Мысалы, зат есімнің жалпы, жалқы, деректі, дерексіз түрлері. Сын есімнің сапалық және қатыстық түрлері. Себебі неде? Бұлар жалпы гр мағыналар болып табылады. Жалпы гр мағына семантикалық тәсіл арқылы беріледі де, ешбір гр формасы болмайды. Яғни морфологиялық көрсеткіші жоқ. Бірақ салт-сабақтылық категория. Кейбір гр мағыналар семантикалық тәсіл арқылы берілсе де, олар кейде грамматикалық формалар арқылы берілетін болса, онда ол екеуінің бірлігінен гр категория құралады. Мысалы, салт-сабақтылық категориясы. Түбірдің семантикасы арқылы беріледі. Кез-келген етістіктен ешбір гр формасыз салт сабақтылық мәнді табуға болады. Соған қарамастан етістіктің салт-сабақтылық мәні гр формаға қатысты, яғни табыс септіктің формасына. Сондықтан салт-сабақтылық - гр категория.

Әр тілдің грамматикалық құрылысының ерекшелігіне орай гр категориялардың сипаты да әр түрлі болады. бір тілдерде бар гр категориялар басқа тілдерде жоқ. Тек (род) категориясы орыс тілінде бар, бізде жоқ. Славян тілдерінде бар вид категориясы роман тілдері мен герман тілдерінде жоқ.

Бірақатар тілдерде кездесетін гр категориялардың өзі әр түрлі сипатта көрінеді. Мысалы, септік категориясы көптеген тілдерде бар, бірақ сипаты әр түрлі. Араб тілінде 3 септік, орыс тілінде 6 септік, қазақ тілінде 7 септік, эстон тілінде 15 септік бар. Орыс тілінде

тек (род) категориясының 3 түрі болса, француз тілінде екі түрі, средний (аралық) род жоқ. (Оқу: К.Ахановтан гр категория туралы 149-171бб.)

Жалпы грамматикалық категориялар ішінара морфологиялық категориялар және синтаксистік категориялар болып екі салаға бөлінеді. (А Ысқақов)

Дәрістің басында көтерген сұрағымызға келейік: сөз табы да категория ма, есім де категория ма .т.т?

«Грамматикалық категориялардың өресі мен өрісі біркелкі болмайды. Кейбір категориялар тым жалпы, әрі өрісті, әрі қарымды болса, кейбір категориялардың өрісі тайыз, қарымы аз, тіпті жалқы да бола береді. Мысалы, тым жалпы категория деп сөз таптары категориясын, қосымшалар категориясын алсақ, олардың, әрқайсысын іштей саралап, әлденеше ірілі-ұсақты жалқы категорияларға бөлуге болады. Айтайық, сөз таптары категориясын жалпы ерекшеліктеріне қарай, әуелі есімдер категориясы, етістіктер категориясы, көмекші сөздер категориясы деп топтасақ, одан әрі есімдер категориясын зат есім категориясы, сын есім, сан есім категориясы деген сияқты жіктерге бөлумен тынбай, олардың, әрқайсысын тағы да әрі қарай саралап отырамыз. Мысалы, есімдіктер категориясын жіктеу есімдігі, сілтеу, сұрау, топтау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктер деп, одан әрі бір ғана жіктеу есімдіктерін тағы да даралан-дырып, жақ категориясын анықтаймыз. Сол сияқты, қосымшалар категориясын әуелі жалғау категориясы және жұрнақ категориясы деп жіктеп, одан әрі жалғауларды, жоғарыдағыдай, көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау категориялары деп бөлеміз. Жұрнақтарды әуелі сөз тудыратын және сөз түрлендіретін категорияларға, одан әрі іштей жеке сөз таптарына тегі бөліп, олардың өзара жіктері мен сыр-сипаттарын ашамыз.» (А Ысқақов)

2. Грамматикалық категорияның сөз табына қатысы. Гр категориялар сөздердің лексика-грамматикалық топтарына тиесілі болады. сөздердің лексика-грамматикалық топтары сөз таптары сөз таптарын құрайды. Сөз таптары мен оларға тән грамматикалық категориялардың арасында берік байланыс болады. Мысалы, орыс тілінде есімдер сөз табының гр категориялары - тек категориясы, септік категориясы және сан-мөлшер категориясы. Қазақ тіліндегі етістік сөз табына шақ, рай, жақ, етіс, болымсыздық гр категориялары тән. Етістік сөз табына жататын сөздер осы категориялардың грамматикалық формаларымен түрленіп, өзгереді.

Грамматикалық категориялары жоқ сөз таптары да бар.

3. Грамматикалық категориялардың түрлері. Көптеген тілдерде бар, жалпы ортақ категориялардың бірі – сан-мөлшер категориясы. Жекелік ұғым мен көптік ұғымды, бір заттан көп затты ажырату үшін жұмсалады. Сондықтан зат есімге тән категория. Сонымен қатар жекелік пен көптік есімдіктерге, оның ішінде жіктеу есімдіктеріне тән. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы етістіктерге тікелей қатысты болмай, ол зат есімдер немесе есімдіктер арқылы қатысып тұрады. Яғни зат есімнің не есімдіктің жекелік не көптік тұлғасына қарай өзгеріп отырады. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы әр түрлі тілдер үшін ортақ белгілерімен қатар айырма белгілері де болады. мысалы, сан-мөлшер категориясы көптеген тілдерде жекелік және көптік мағынада көрінсе, оның екілік деп аталатын түрі аздаған тілдерде атап айтқанда көне грек тілінде, ежелгі орыс тілінде, ежелгі индиялық санскрит, және қазіргі араб тілінде кездеседі екен (КАханов). Сондай-ақ орыс тілінде сан-мөлшер категориясының қолданылу аясы түркі тілдерімен салыстырғанда кең. Оған орыс тіліндегі зат есімдердің ғана жекеше көпше түрде қолданылып қоймай олармен тіркесіп келетін сын есімдердің де жекеше көпше түрде жұмсалуы дәлел. Мысалы, красивая девушка – красивые девушки. Салыстырыңыз: әдемі қыз-әдемі қыздар.

Жекелік, көптік мағыналар тек зат есімдерге тән. Сондықтан сын есімнің жекелік, көптік тұлғаларда жұмсалуы оның көптік немесе жекелік мағыналары бола алмайды, ол

қиысудың көрсеткіші (К Аханов). Красивая, красивые сөздері алдыңғы девушка, девушки сөздерімен қиысудың формалары болып табылады.

Сан сөздерге көптік жалғауының жалғанғанына қарамастан, сан-мөлшер категориясы сан есімдерге тән емес. Сан есімдерге көптік жалғау жалғанғанда көптік мағына емес басқа мағыналар беріледі. Болжалдық: жасы төрттерде, қиысу: үшеулерің келдіңдер.

Сын есімдерге жалғанса, субстантивтенеді.

Есімдіктерге тән. жіктеу есімдіктеріне жекелік және көптік мағыналар тән. Есімдіктер қай сөз табының орнына жүрсе, соның көптік жекелік формаларын алады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы, 1996.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы / К. Аханов. - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1954.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы,1967
5. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. –Алматы,1975.
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
8. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998